

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Кемелхан Д. Ж. – филология ғылымдарының магистрі, қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасының аға оқытушысы, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қаласы.

Жарилкапова А. Б. – 6В10101 – Жалпы медицина білім беру бағдарламасы бойынша денсаулық сақтау бакалаврында білім алушы, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қаласы.

Мақалада Ы.Алтынсарин әңгімелерде ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеу, еңбекке баулу, үлкенді құрметтеу, адал достықты ардақтау, жамандық пен надандықты әшкерелеу, жалқаулықты сынау сияқты мәселелер қарастырылған.

Түйінді сөздер: еңбекқорлық, адамгершілік, мейірімділік.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Қай заманда болмасын алдында тұратын ұлы мұраттың ең бастысы – өзінің, өмірін жалғастыратын сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ал саналы ұрпақ қоғамда өзінің білімі мен қатар адамгершілік қасиеттерімен, қайырымдылығымен, адалдығымен ардақталатыны бәрімізге аян. Міне, осындай адами қасиеттерді бала бойына қалыптастыруды негізге алып, сол жас жеткіншектерге қаламтербеген ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығында білімділік пен адамгершілік, еңбекқорлық пен қажыр-қайраттылық бір тұтас өріліп отырады.

Ыбырай Алтынсарин әңгімелері қазақ прозасының алғашқы үлгілері болып саналады. Педагогтік, ағартушылық мақсатына орай ол төл әңгімелерінде, тәрбиелік мәні зор тақырыптарды көтерді. Қазақ балаларын ең алдымен адал еңбекке баулып, өнер іздеуге, сол жолда талпынып, талабын шыңдауға шақырды. Ата-ана мен бала қарым-қатынасы немесе ізгілік, үлкенді құрметтеу жайы, адал достықты ардақтап, жамандық пен надандықты әшкерелеу, жалқаулықты сынау сондай-ақ аударма туындыларында да негізінен оның әңгімелеріндегі негізгі өзекті мәселесі болды. Осындай әлеуметтік, тәрбиелік мәні зор көкейкесті мәселелердің көтерілуі, ағартушылық, гуманистік сарын оның әңгімелерінің халықтық сипатын белгілейді.

Еңбек тақырыбы. Ыбырайдың әңгіме, мысалдарындағы ең өзекті мәселенің бірі. Бұл тақырыптағы әңгімелердің ішінде «Бай баласы мен жарлы баласы» және «Қыпшақ Сейітқұл» деп аталатын екі туындының алатын орны айрықша.

Алғашқы әңгімеде автор екі түрлі тәрбие-тәлім көрген, өмір туралы түсінік-ұғымы да түрліше: екі баланың – Асан мен Үсеннің бір күндік тіршілігін салыстыра суреттей отырып, олардың іс-әрекетіне әлеуметтік тұрғыда мән береді. Ойнап жүріп көшкен елден аңдаусызда көз жазып қалған екі бала бастарына түскен ортақ жағдайды екі түрлі қабылдайды. Байдың баласы Асан бас салып жылап, қиындық алдында дәрменсіздік көрсетсе, кедейдің баласы Үсен байыптылық танытып, ересек кісіше әрекет жасайды. Көшкен жұрттың бағытын анықтап, қажет деген заттарды жинап алады. Сөйтіп, Үсеннің тапқырлығы, байқағыштығы мен ақылдылығы арқасында екеуі қарны тоқ, аман есен көшкен елін табады.

Ағартушы екі құрдас баланы бір жағдайда екі түрлі мінез-құлық, әрекетпен көрсету арқылы мәні зор қоғамдық мәселені көтерген. Асанның ойсыздығы мен қорқақтығы, икемсіздігі, «дайын асқатік қасықтығы» – тәрбиеден, оның кішкентайынан еңбек етпеген, байдың ақсаусақ ұлы екендігінен болса, ал Үсен бойындағы Ыбырай ардақтап балаларға үлгі етіп отырған асыл қасиеттердің байыптылық, еңбек сүйгіштік, тапқырлық, ақылдылық, іске икемділік, т.б. түп төркіні – еңбекші халықта, оның күнделікті өмір тәжірибиесінен туындайтын даналығында жатыр. Үсеннің ата-анасы адал еңбегімен күн көрген кедейлер, халық өкілдері. Олар баласын кішкентайынан ерінбеуге, еңбек етуге, өмірде кездесетін қиыншылықтармен күресе білуге тәрбиелеген. Үсен басына қиындық түскенде Асан секілді дәрменсіздік танытпайды, байыппен, ақылмен ойлап, оны жеңіп шығады. Бұдан әңгіменің идеясында айқын көрінеді. Ыбырай әңгімесінде халықтың тәрбиесі мен даналығын ардақтай келе, балаларға оның бар қасиетін бойына жинақтаған Үсен секілді жас та болса көргені де, көңілге түйгені де көп, еңбекшіл, адал, ақылды өкілін үлгі етеді, сондай болуға шақырады. Өмірдің егесі Асандар емес, еңбекшіл Үсендер дейді.

«Атымтай Жомарт» әңгімесінің кейіпкері - байлық-дәулеті тасып төгіліп жатса да, күнде еңбек етіп, тер төгуді өмірлік күнделікті дағды еткен жан. Ол еңбексіз өмір сүру мүмкін емес деп санайды. Сондықтан да ол: «... күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де, бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен», - дейді сүйсініп. Бұл сөзде үлкен мағына бар. Кімде-кім адал тер төгіп, күнделікті еңбек етсе, еңбегі арқылы тапқан затының қадірі де жоғары болмақ.

Еңбекті ардақтау идеясымен қатар ағартушы әңгімелерінде жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеуге байланысты басқа да алуан тақырыптар бейнеленді. Педагог ретінде тәрбиеге ерекше мән берген Ы.Алтынсарин бұл ойын көптеген әңгімелеріне арқау етеді. Бұл ретте "Бақша ағаштары»,

«Мейірімді бала», «Аурудан аяған күштірек», «Асыл шөп», «Әке мен бала», «Шеше мен бала», «Жаман жолдас» әңгімелері елеулі мәнге ие.

Оқырмандары балалар болғандықтан, әңгімелерін көбінесе әке мен баланың, қыз бен шешенің, бала мен баланың шағын диалогтарына құра отырып, Ыбырай сөз аяғын адамгершілік, мейірімділік, үлкенге ізет жасау, сабырлық, адалдық жөнінде тәрбиелік тағылымы зор қорытындылармен түйіндеп отырады.

«Мейірімді бала» әңгімесінде қылмысына сай қолы кесілуге тиісті әкесі үшін шырылдап, арашаға түскен, әкесінің орнына өз қолын кесуді ұсынған жас қыз баланың жанашырлығы мен батылдық, тапқырлығы жан сүйсінгендей. Қыз баланың әкесін қылмысқа итермелеген жағдайды балаларды асырау қамы түсінуі, әкесіне, бауырларына деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығы шағын әңгімеде әдемі ашылған.

Ананы сүйу, оның уайымы мен қасіретін түсініп, оны жеңілдетуге тырысу, шыдамдылық Сейіт «Аурудан аяған күштірек» бойындағы асыл қасиет болса, «Жаман жолдас» әңгімесінде керісінше, қиын қыстау сәт туғанда өз басын сауғалап кететін жандардың жағымсыз болмысы сыналады.

Әке мен бала диалогына құрылған шағын да болса мәнді туындысының бірі – «Бақша ағаштары». Қарапайым, күнделікті көзқанықты жайды – қисық ағаш пен тұзу ағашты салыстыра мысалдау арқылы автор балалар үшін ата-ана тәрбиесінің қаншалықты қажеттілігін баланың қисық ағаштай қыныр да көріксіз болып өсуі де, тік, зәулім бәйтеректей көз тартар жақсы жан-жан болып жетілуі де тәрбиеге байланысты екенін ұтымды сездіреді. Бала ұғымына сай табиғи қалыпта аңғартады. Әңгіменің бұл түйіні әкенің мына сөзінен айқын танылады: «Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен де өзіңе ғибрат алсаң болады, сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, тұзу кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің», – деді.

Ағартушылық қызметі сияқты Ы.Алтынсариннің жазушылық шығармашылығы орыс әдебиеті мен мәдениетімен тікелей байланысты. Ол орыс әдебиетінен көптеген туындыларды аударған алғашқы қазақ аудармашысы да.

Хрестоматияға енген бірсыпыра әңгімелерді ол белгілі орыс педагогтері К.Д. Ушинскийдің, А.И. Пуальсанның оқулықтарынан алып аударған. Оқулықта ұлы жазушы Л.Н.Толстойдың да балаларға арналған бірнеше туындыларының аудармасы бар.

Ыбырай аудармаларының өз ерекшеліктері барлығы есте болу керек. «Сол әңгімелерді аударғанда Алтынсарин барлық жерде түпнұсқасын бұлжытпай, сол күйі аударуды ұстаным етіп алмаған. Кейде тақырыбын, кейде желісін, кейде баяндау әдісін өзгертіп, қайткен күнде деқазақ өміріне жақындатып, қазақ балаларына түсінікті баяндауды негізгі нысанасы еткен» Қ.Жұмалиев.

Тілі жатық, оқиғасы қазақ балаларына етене жақын, әрі ұғымды Ыбырай аудармаларын халық сондықтан да ағартушының төл туындысындай қабылдаған. «Бір уыс мақта», «Талаптының пайдасы», «Түлкіменешкі», «Таза бұлақ», «Әдеп», «Үнді», «Алтыншеттеулік», т.б. аудармалары осындай туындылар қатарына жатады.

Ыбырай Алтынсарин өзінің әңгімелері арқылы қазақ балалар әдебиетінің негізін салды. Бұл оның айрықша атап айтар тарихи еңбегінің бірі.

Ы. Алтынсарин төл туындыларын жазғанда да, орыс және Еуропа халықтары әдебиетінен аудармалар жасағанда да, ең алдымен ол туындылардың балалар ұғымына сай, олардың қиял ойын шарықтатарлықтай қызықты да тағылымды болуына баса назар аударған. Сондықтан ағартушы әңгімелерінен балалар әдебиетіне қойылатын негізгі талаптардың барлығы да, атап айтқанда, шығарма көлемінің шағындығы мен құрылысының қарапайымдылығы, тілінің таза, түсінікті, әрі шұрайлылығы, танымдық-тәрбиелік мәнінің жоғарылығы, оқиғалардың балалар ұғымы мен жасына сай, көркем, әрі қызықты баяндалуы, балаларға тән мінез, әрекет, ой-қиялдың табиғи, шынайы ашылуы, тағы басқалар толық көрінеді. Асан мен Үсен «Бай баласы мен жарлы баласы». Сейіт «Аурудан аяған күштірек» секілді балалар, сондай-ақ «Әке мен бала», «Шеше мен бала» тағы басқа әңгімелеріндегі кейіпкерлер өздерінің ортасына, жасына лайықты оқиғаларда, жағдайларда көрініп, балаға тән алуан мінездері мен, іс-әрекеттерімен шынайы танылады. Оқырманның Ыбырай Алтынсарин әңгімелерін оқи отырып, ерекше бір сырлы, нұрлы дүниеге – балалар әлеміне енгендей болатыны да сондықтан.

Ыбырай шығармаларындағы нақыл сөздер. Жалпы нақыл сөз дегеніміз – қысқаша мазмұнды, терең ойлар айтылатын ұлағатты сөз. Оны жай адамдар айта бермейді. Көбіне ұлы тұлғалар, халқына үлгі бола білген ұлағатты адамдар айтады. Қазақ даласындағы білімнің көзін ашқан ағартушының нақыл сөздерінде тәрбиелік мән, өмірлік мазмұнбар. Еңбекке баулитын әңгімелері: «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Сәттемір хан», «Атымтай Жомарт», «Әке мен бала». Адамгершілікке баулитын әңгімелері: «Мейірімді бала», «Аурудан аяған күштірек», «Алтын шекілдеуік», «Әдеп».

Еңбек тақырыбында нақыл сөздері:

- 1) Еңбек пен табылған тамақ тәтті әрі сіңімді болады.
- 2) Аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың. Азға қанағат қылмасаң – көптен құр қаласың.
- 3) «Еңбекпен табылған дәм тәтті»

4) Байлық – қанағат пен еңбекте.

Адамгершілік туралы нақыл сөздері:

1) Алдыңа келсе, әділдігіңді аяма.

2) Қашанда бір істі істегіңіз келсе, ол іске әуелі ақылыңызды, одан соң қолыңызды жұмылдырыңыз, егер де ақылыңыз дұрыстаса, көзіңіз көріп, жөнін тауып мақұл көрсе, тіліңіз бен қолыңызға серік беріңіз.

3) Жақсы ой мен жақсы сөз – жақсы істерге жетелейді.

4) Әр нәрсенің сыртына қызықпа, асылы ішінде.

5) Бағу – қағуда көп мағына бар.

Ы. Алтынсарин өз шығармаларында адамның бойындағы ұлы қасиет – адамгершілік-рухани тәрбиенің маңыздылығын ең басты құндылық деп санады. Ыбырай әңгімелерінің құрылымы, мән-мағынасы, тәрбиелік мәні бала санасына ерекше әсер етіп, баланың қызығушылығын оятып, баланың бойына тереңінен тәрбие нәрін құйып, қоғамда адамгершілігі жоғары адамдар қалыптастырады.

Қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани қазынасының бірі. Ибалы ұл, инабатты қыз – өмір көркі, Әдептілік белгісі иіліп сәлем бергені депкелер ұрпаққа тәрбие беріп, адал ниет, ақтілек білдіріп отырған. Рухани-адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Рухани-адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт. Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу білім беру мен ғана шектелмейді. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі

1. **Ыбырай Алтынсарин 2 томдық шығармалар жинағы.** 1-ші том «Қазығұрт» баспасы. Алматы 2003. – 240 б.
2. **Алтынсарин Ыбырай «Қазақ хрестоматиясы»** Алматы, 2003.
3. **Ыбырай Алтынсарин тағлымы.** Құраст.: Жармұхамедов М. Алматы, 1991.
4. **Уәлихан Қалиханұлы.** Қазақ әдебиетіндегі діни ағартушы ағым. Алматы «Білім» 1998 – 255 б.
5. **Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы.** Алматы «Қазақ университеті». 2001. – 467 б.

ӨОЖ 711.7

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МҰҒАЛІМ ТҰЛҒАСЫ ТУРАЛЫ: ҚАЗІРГІ МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ИДЕЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ЖӘНЕ МАҢЫЗДЫЛЫҚ

Кзылбаева Г. Н. – Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы №2 жалпы білім беретін мектептің Ағылшын тілі пәні мұғалімі.

Әрбір қазақстандыққа оның есімі бала кезінен таныс. Халық жады оны ұлы деп атады. Мұғалім, ғалым, жазушы, ағартушы.

Ы.Алтынсарин Қостанай жерінде алғашқы қадамдарын жасады, ол көптеген танымал қазақ әдебиетшілерін, ақындарын, ағартушыларын шабыттандырды. Алтынсарин білімді, озық педагогикалық идеялар мен мәдениетті бойына сіңірген қазақ халқын ағартудың алғашқы әрі жомарт қайнар көзі болды.

Түйінді сөздер: білім беру, Ыбырай Алтынсарин, педагогика, қазіргі мектеп.

Ы.Алтынсарин бір жарым ғасыр бұрын, ортағасырлық надандық пен феодалдық езгі кезінде өмір сүрген және жұмыс істеген. Сауатсыздық пен қысымшылықтың қараңғысынан көтерілген адамдарға білім мен ағартушылықтың нұры қажет болды. Бізге мектептер, кітаптар, мұғалімдер керек болды. Мүмкін, патша үкіметі өзінің отарлық шетіндегі білім туралы мүлдем ойламаған шығар? Алтынсариннің данышпаны осы ауыр ағартушылық жұмысты бастады. Ал қазір не өзгерді?

Тарихи ұстанымға сүйене отырып, Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығын оның заманынан бөлек қарастыруға болмайды. Ол ағартушылық прогрестің ажырамас бөлігі ретінде ойластырды, онсыз бүкіл халықтың дамуы мүмкін емес еді. Білім беруді дамыту өз баспасын құрмай және баспаханасыз жалғасуы мүмкін емес еді. Сонымен қатар өркениеттің артықшылығы қазақ халқы үшін жағымсыз жақтары да болды, атап айтқанда көшпелілерді күштеп көшіруге және ең жақсы егістік және жайылымдық жерлерді басып алуға ұмтылу. Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақтар Алтынсарин даңқын шығарған өзіндік мәдениетті қалыптастырды. Өкінішке орай, сол кездегі қоғамдық-саяси жағдай ұлттық мәдениеттерді дамыту үшін қолайлы болған жоқ, сондықтан біз оның сақталуы мен қол